

## **Республикалық қосымша білім саласы қызметін жақсарту мақсатында өткізілген On-line конференциясы туралы ұсыныстар мен пікірлер**

On-line режимінде өткен қосымша білім саласының мекемелері қызметкерлерінің қатысуымен өткен конференция республикада үлкен қызығушылық танытты. Конференцияға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрінің және ҚР ІІМ әкімшілік комитеті өкілінің қатысуы өзінің оң әсерін тигізді деп айтуға болады.

«РҚББОӘО» директоры Р.П. Шердің модераторлығымен өткен конференцияда барлық облыстарда атқарылудағы тындырымды істер тыңдалып, тәжірибе алмасуға болатынына көзімізді жеткіздік.

Шын мәнінде, баланың әйгілі ғалым, атақты математик, ұлы суретші немесе мемлекет қайраткері болуы шарт емес. Дегенмен, бала дүниеге келгеннен бастап отансүйгіш, елін, жерін сүйетін, тілін, салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын ардақтайтын, өз тарихын ғана біліп қоймай, басқа елдермен де тең дәрежелі диалог құра алатын толерантты, мейірімді және адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеу ата-ананың, педагогтердің, қоғамның, үкіметтің міндеті.

Осы мақсатта қосымша білім саласының атқарған, атқаруға тиіс жұмыстары қыруар.

Раиса Петровнаның бастамасымен біршама жақсы істер қолға алынуда, атап айтқанда қосымша білім саласын дамыту мен жандандыру мақсатында жұмыс істейтін Республикалық үйлестіру кеңесінің тұрақты түрде кездесіп, мақсатты жұмыс атқаруы, оған тиісті министрліктердің өкілдері мен ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының қатыстырылуы, халықаралық ұйымдардың қызығушылық танытуы дәлел. Сонымен қатар, тиісті министрліктер мен халықаралық ұйымдармен меморандумдардың қабылдануы, келешекте үйірмешілер мен қызметкерлердің халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысып, тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді деп үміттенеміз.

Жақында ұсынылған Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беруді дамытудың стратегиялық тәсілдері уақыт талабына сай, дер кезінде қажеттілікті өтейтін құжат деп айта аламын.

Стратегиялық тәсілдерде көрсетілген барлық мәселелерді толығымен жүзеге асыратын болсақ, онда қосымша білім өзінің салмақты орнын білім саласында алады және бала тәрбиесінің негізгі тетігі ретінде қарастырылады. Әрине, бұл тек қосымша білім саласының немесе РҚББОӘО-ның ғана емес, үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың, қоғамның, ҰЕҰ-дар мен мектептер, ЖОО-ның, ата-аналардың да қолдауын қажет етеді, сонда ғана толыққанды жүзеге асады.

Биылғы Республикалық педагогтердің тамыз кеңесінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Сапарбаевтың баяндамасында қосымша білім саласының жұмысын жандандыруға, үйірме жұмыстарының саны мен сапасын арттыруға ерекше көңіл аударуы мені осы саланың қызметкері ретінде қуантады, әрі бізді жаңа жауапкершілікке

жетелейді деген пікірдемін.

Қорытындылай келе айтарым, қосымша білім саласы мәртебесінің үстем болуына, елімізде бақытты балалар санының арта беруіне, жаңа оқу жылында жаңа табыстарға жете беруімізге шын жүректен тілектестігімді білдіремін!

**Оңтүстік Қазақстан облысы білім,  
жастар саясаты және тілдерді  
дамыту басқармасына қарасты  
«Облыстық жас туристер станциясы»  
директорының орынбасары  
Өмірбаева Сәуле Өмірсерікқызы**